

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті
Жаратылыстану факультеті
Анатомия, физиология және дефектология кафедрасы



PAVLODAR MEMLEKETTİK
PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI

«Мектепке дейінгі тұтығатын балаларда қарым-қатынастық сөйлеу әрекетін қалыптастыру жолдары»

Орындаған: Д-31қ тобының студенті
Рымбекова Айымгуль
Ғылыми жетекші: Б.А.Байдалинова

Зерттеудің өзектілігі:

Тұтықпа мәселесі жан-жақты зерттелініп келген тақырып болғанымен, осы күнге дейін логопедияның өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Қазіргі уақытта статистикалық көрсеткіштерге жүгінсек, жылдан жылға сөйлеу тіл кемістігі бар балалар саны және логопедиялық көмекті қажет ететін балалардың пайызы өсуде, оның ішінде тұтықпаға шалдыққандар. Ғалымдардың дерегіне сүйенсек, әлемде ересек адамдардың жүзден бір, ал балалардың елуден бір пайызы осы тұтықпамен зардап шегеді екен.

Зерттеудің мақсаты:

Мектепке дейінгі тұтығатын 5-6жастағы балаларда қарым-қатынастық сөйлеу әрекетін қалыптастыру жолдарының тиімділігін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

- Мектепке дейінгі тұтығатын балаларда қарым-қатынастық сөйлеу әрекетін қалыптастыру жолдарының мәселелерін ғылыми және теориялық тұрғыдан зерттеу.
- Мектепке дейінгі тұтығатын балаларда қарым-қатынастық сөйлеу әрекетінің даму ерекшеліктерін анықтау.
- Тұтықпасы бар мектепке дейінгі жастағы балалармен жүргізілетін түзету шаралары барысында, қарым - қатынастық сөйлеу тілін қалыптастыру кезінде логопедиялық әр түрлі жұмыстарының тиімділігін анықтау.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: Тұтықпасы бар мектепке дейінгі жастағы балалардың қарым - қатынастық сөйлеу әрекетін белсенді түрде қолдану мен қалыптастыру жүйесін зерттеуден тұрады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы: Баланың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес, түзету - дамыту жұмыстарын іске асыру және мектепке дейінгі тұтықпасы бар бала бұзылысын түзетуде қолданылатын логопедиялық әр түрлі жұмыстар мен қамтамасыз ету болып табылады.

Зерттеудің эксперименталды базасы: «Павлодар қаласы сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған түзетулік үлгідегі №14 балабақша» МҚК



**1 кесте - Мектепке дейінгі тұтығатын 5-6 жастағы балалардың
анамнестикалық мәліметтер бойынша деректер**

Тәжірибелік тобы				Бақылау тобы		
№	Аты – жөні	Тұтықпаның байқалған уақыты	Тұтықпаның байқалуы	Аты - жөні	Тұтықпаның байқалған уақыты	Тұтықпаның байқалуы
	Диас	2 жаста себепсіз	жиі	Жансая	2,5 жаста себепсіз	кейде
2	Алихан	3,5жаста психикалы қ зақым (шошыну)	кейде	Санжар	3 жаста психикалы қ зақым (шошыну)	кейде

Тексеру келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1 әдіс - «Таныс жағдайда дайындалған шара»

Мақсаты: ортада құрдастарының алдында шығуы кезіндегі қарым - қатынастық сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін анықтау.

2 әдіс - «Таныс емес ортада өткізілетін шара»

Мақсаты: мектепке дейінгі жастағы баланың өзіне таныс емес ортада құрдастарының алдында шығуы кезіндегі қарым - қатынастық сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін анықтау.

3 әдіс - «Өзіне таныс ортада қарым - қатынасқа түсе алуы»

Мақсаты: өзіне таныс ортада құрдастарымен қарым - қатынасқа түсуі кезінде тұтығатын балалардың қарым - қатынастық сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін анықтау.

4 әдіс - «Өзіне таныс емес ортада қарым қатынасқа түсе алуы»

Мақсаты: өзіне таныс емес ортада құрдастарымен қарым - қатынасқа түсуі кезінде тұтығатын балалардың қарым - қатынастық сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін анықтау.

Тапсырма келесі критерилер бойынша бағаланады:

1 ұпай - тұтығудың маңызды қалдық белгілері. Баламен жүргізілген түзету - педагогикалық жұмыстың нәтижесінде сөйлеу жағдайының жақсаруына қарамастан, балада логопедиялық сабақтардың өзінде тұтығудың байқалуы жалғасады.

2 ұпай - тұтығудың кішкене қалған қалдық белгілері. Бала логопедиялық сабақтарда еркін сөйлейді. Бірақ күрделі жағдайларда тұтығудың амалдары байқалуы мүмкін.

3 ұпай - айтарлықтай дұрыс сөйлеу. Бала сабақ кезінде және сабақтан тыс та еркін сөйлейді. Ол үйренген дұрыс сөйлеу дағдыларын өз бетінше және сенімді түрде қолданады.

1-сурет - Мектепке дейінгі 5-6 жастағы тұтығатын балалардың тәжірибелік және бақылау топтарындағы қарым - қатынастық сөйлеу әрекетінің бастапқы қалыптасу деңгейі



- 1- таныс жағдайда дайындалған шара
- 2 - таныс емес ортада өткізілген шара
- 3 - өзіне таныс ортада қарым - қатынасқа түсе алу
- 4- өзіне таныс емес ортада қарым - қатынасқа түсе алу


2 кесте- Мектепке дейінгі 5-6 жастағы тұтығатын балаларға арналған арнайы сабақ бағдарламасы

№	Атауы, Өткізу түрі (жеке, топтық)	Бағдарламаның мазмұны (мақсаты мен міндеттері)	Қандай ойындар, жаттығулар қолданылады	Өткізу уақыты, күні, айы, сағаты
Бастапқы кезең				
1.	«Мен бұл әлемде жалғызбын» танысу, топтық сабақ	-Мейірімді, сенімді атмосфера құру; -«қимыл», «мимика», «интонация» ұғымдарымен танысу;	Даралау (әр қатысушы баланың бірегейлігі, қайталанбастығы, даралығы), «Ғаламшар» ойыны үй тапсырмасы. «Эмоцияны көрсет» жаттығуы	08.40, 21.01.19, 25 мин
Өтпелі кезең				
2	«Сықырлы таяқша» көңіл-күйге байланысты эмоциялар, Топтық сабақ	-Өзіне деген қызығушылықты дамыту; -Өзін-өзі бағалауды арттыру;	«Досыңды қайтала» топтық ойын	09.00, 13.02.19, 25 мин

Қорытынды кезең				
23.	«Құстардың тіршілігі» топтық сабақ	-Сөйлеу дағдыларын бекіту;	«Кім жылдам» ойыны	09.10, 27.03.19, 30 мин
24.	«Жұлдызды сәт» топтық сайыс сабақ	-Қарым қатынастық дағдыларын қалыптастыру;	- Балалардың шығармашылық жұмысын талқылау	10.00, 29.03.19, 30 мин
25.	«Бірге еңбектенеміз» топтық сабақ	-Қарым қатынастық дағдыларын қалыптастыру;	- Балалардың шығармашылық жұмысын талқылау.	09.00, 01.04.19, 30 мин



2- сурет - Мектепке дейінгі 5-6 жастағы тұтығатын балалардың тәжірибелік және бақылау топтарындағы қарым - қатынастық сөйлеу әрекетінің қорытынды қалыптасу деңгейі




1- таныс жағдайда дайындалған шара

2 - таныс емес ортада өткізілген шара

3 - өзіне таныс ортада қарым - қатынасқа түсе алу

4 - өзіне таныс емес ортада қарым - қатынасқа түсе алу

3 – сурет - Мектепке дейінгі 5-6 жастағы тұтығатын балалардың қарым - қатынастық сөйлеу әрекетінің деңгейінің орташа көрсеткіштерінің салыстырылуы



1 - бастапқы тәжірибе
2 - қорытынды тәжірибе

Қорытынды:

Тұтығу - симптом да синдромда емес, ол орталық жүйке жүйесінің ауруы. Үлкен жарты шарлар қабығындағы жүйке күйзелісі бір жағынан жүйке жүйесінің жағдайына, оның қалыпты кезінен ауытқуға дайын болуымен шартталған болуы мүмкін. Екінші жағынан күйзеліс жағымсыз факторлардан туындауы мүмкін.

Балалардың қарым – қатынастық қабілеттерін қалыптастыру бойынша жеке және топтық сабақтар кезінде арнайы жүргізілген бағдармала қолдану барысында нәтижеге қол жеткізуге болады.

Зерттеу нәтижелері бойынша біз алға қойған мақсатқа қол жеткіздік, болжам өз растауын тапты. Шынында да, логопедиялық әр түрлі жұмыстарды тиімді қолданғанда айтарлықтай қысқа мерзімде оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Назарларыңызға рахмет!